АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫ

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ СУД АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

040800, Қазақстан Республикасы, Алматы облысы., Қонаев қаласф., Қонаев көшесі, №5, тел: 87784555505; факс: 87784555505; email: 728-2460@sud.kz

040800, Республика Казахстан, Алматинская область, город Конаев, улица Конаев, 5, тел: 87784555505; факс: 87784555505; email: 728-2460@sud.kz

15.08.2024 № 1912-24-5-29/9262

«Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Сізге талап қоюшы «Балқаш ауданы Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің «ELSTAR» мүгедектер қоғамдық бірлестігін мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушы деп тану туралы №1912-23-00-2/2142 азаматтық ісі бойынша сот шешімінің заңды күшіне енген белгісі бар көшірмесін **орындау үшін** жолдайды.

Тіркеме: сот шешімінің көшірмесі.

Судья **Н.Омарбеков**

Исп.: Кыдыркожанова Б. К.
тел.: *1132165165, 728-2463@sud.kz*

Құжатты жасаған: Мәдениет Мәлімет Мұратқызы, 15.08.2024 09:47
Құжатқа қол қойылған: ОМАРБЕКОВ Н. Д., 15.08.2024 09:47
ҚР Жоғарғы соты Тараптық АЖ ЭҚК тексеру нәтижесі он
1912-24-5-29/9262 15.08.2024

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

27 желтоқсан 2023 жыл №1912-23-00-2/2142 Қонаев қаласы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья Н.Ж.Омарбеков,
хатшылыққа Б.К. Қыдырқожанованы ала отырып,
ашық сот отырысында талап қою арызымен азаматтық іс электрондық форматта қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ELSTAR» мүгедектер қоғамдық бірлестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Култебаев Е., жауапкердің өкілі Амантаев А.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

13 сәуір 2023 жылы «Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - талап қоюшы, Тапсырыс беруші) және «ELSTAR» мүгедектер қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі - жауапкер, Өнім беруші) арасында электронды түрде №230015 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған (бұдан әрі – Шарт).

Шарт бойынша Өнім беруші Бақанас ауылындағы, Сүндетбай болыс көшесінде орналасқан саябақты күтіп-ұстау бойынша жұмыстар жүргізуге міндеттеме алған.

Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейінгі күннен бастап күшіне енеді және 31 желтоқсан 2023 жылға дейін қолданылады.

Шарттың жалпы сомасы 6 130 000 теңге.

Жауапкер шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттелген. Алайда, жауапкер келісім шарт бойынша өз міндеттемесін орындамады.

Талап қоюшы сотқа жауапкерді жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызымен жүгініп, арызында жауапкердің өз міндеттемесін тиісінше орындамағанын негізге алған.

Жауапкеден сотқа жазбаша пікір түспеді.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі Култебаев Е. талап арызды қолдай отырып, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануын сұрады.

Жауапкердің өкілі Амантаев А. талап арызды қанағаттандырусыз қалдыруын сұрады

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай- Заң) 12-бабының 4-бөлігінің 3-тармағына сай, жеңімпаздар деп айқындалған, мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындаудан жалтарған әлеуетті өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің заңнаманы бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап отыз күнтізбелік күнінен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Заңның 11-бабының 4-тармағындағы 4) тармақшасында - мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сотта анықталғандай, Бақанас ауылы С.Сейфуллин көшесіндегі «Сүндетбай болыс атындағы саябақта» тазалау жұмыстары атқарылмаған, шөбі өскен, су тартатын 6 насостың бір насосы істен шыққан, парк ішіндегі ағаштары өсіп кеткен, төменгі жақтарын балақтауды қажет етеді.

Сот отырысында жауапкер өзіне алған міндеттемені орындамағаны, яғни жауапкердің кінәсінен мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт орындамалғаны дәлелденді.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 49-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

Құжатқа қол қойылған: Омарбеков Н. Д., 19.02.2024
Заңды күшіне енген күні: 19.03.2024 Гулья Омарбекова Н. Д. 10.08.2024
1912-23-3-1/2358

Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасы мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы қуыныммен сотқа жүгінуге міндетті.

Сот, талап қоюшымен сотқа жүгіну мерзімі сақталған.

Жауапкердің уәждерін сот қабылдай алмайды, себебі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 10, 359-баптарына сай, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған іс-әрекеттер кәсіпкерлік болып табылады. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде міндеттемені орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған адам, егер бой бермейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезіндегі төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары, төтенше жағдай және т.б.) салдарынан тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмағандығын дәлелдей алмаса, мүліктік жауаптылықты көтереді. Ондай мән-жайларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе қызмет көрсетудің рынокта болмауы жатпайды.

Сот, аталған негіздерге сүйене отырып, өнім беруші өз міндетемесін тиісті түрде орындамады деп, талап арыз қанағаттандырылуға жатады деп тұжырымдайды.

Қазақстан Республикасы АПК-нің 117-бабының 1-тармақшасының талаптарына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына 1 725 теңге көлемінде мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ</u>

Сот, Қазақстан Республикасы АПК-нің 117,223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің «ELSTAR» мүгедектер қоғамдық бірлестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану талап қою арызы – қанағаттандырылсын.

«ELSTAR» мүгедектер қоғамдық бірлестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Заңды күшіне енген күні: 19.03.2024 Сулы Оналбекова Н.П. 10.08.2024

12-23-3-1/2358

«ELSTAR» мүгедектер қоғамдық бірлестігінен жергілікті бюджет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге риза болмаған жағдайда шешім түпкілікті нысанда дайын болған күннен бастап бір ай мерзім ішінде, Қазақстан Республикасы АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Алматы облыстық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасына апелляциялық шағым немесе прокурормен апелляциялық өтініш келтіруге болады.

Судья **Н.Ж.Омарбеков**

Құжатқа қол қойылған: Омарбеков Н. Д., 19.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.03.2024 Судья Омарбеков Н. Д. 10.08.2024

1912-23-3-1/2358